



ЖАҢА ЖЫЛ АЛДЫНДА
БАҒА НЕГЕ ҚЫМБАТТАЙДЫ?

2



ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ
ЖАҢҒЫРТҚАН ҰЛАҒАТТЫ ЖАН

3

№44 (736). 28 қараша, 2025 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazet.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



Ғани Саттарханұлы Назарбек – «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ғылыми қызметкері, табиғат жанашыры (Түркістан қаласы). Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң осы орман шаруашылығына жұмысқа келген. Содан бері қоршаған ортаны қорғау және экологиялық туризм салаларының айналасында еңбек етіп келеді. Ол – табиғат жанашыры, қызғалдақ қорғаушысы деген атпен танымал. Әлеуметтік желі арқылы үнемі табиғаттың тылсым дүниесін насихаттап, оны қорғап-аялау қажеттігін жастардың бойына сіңіріп жүр.

Ғани НАЗАРБЕК, табиғат жанашыры:

«ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІНЕ ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҚ ӨГЕМ ТАУЫНДА ЖҮРГЕНДЕ ОЯНДЫ»

БІЛІМДІ ЖАСТАР
ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ САЛАСЫНА
ӨТЕ СИРЕК КЕЛЕДІ

– Өзіңізді Түркістан облысы өңіріндегі экологиялық мәселелерді жиі көтеріп жүретін табиғат жанашыры ретінде танитындар көп. Ең алғаш еңбекке араласа бастаған кезіңіздегі экологиялық мәселелерді шешу жолындағы жағдайлар қаншалықты өзгерді? Өзгерді ме өзі?

– Өзгеріс өте үлкен. Мәселен, біздің саланың өзін ғана алатын болсақ, жағдай әлі дұрыстала қоймады. Өйткені, орман шаруашылығы саласында бұрын қызмет атқарған тәжірибелі, кәсіби, білікті азаматтардың дені зейнеткерлікке шығып кетті. Ал одан кейінгі келіп жатқан буынның ішіндегі мамандардың көбінің мамандықтары тікелей орман шаруашылығы саласына қатысы жоқ. Бұл бір жағынан орман шаруашылығында еңбек етуші мамандардың сол кездегі әлеуметтік жағдайына да тікелей байланысты болды. Былтырғы жылға дейін жалақысы өте төмен, жауапкершілік жоғары болып келді. Материалдық жабдықталуы, дұрыс көңіл бөлінбеу дегендей әсерлері болды. Жалпы, саланың кенже қалып қоюына байланысты мамандардың да қызыға келіп жатуы аз болды, келген азаматтардың біліктілік жағынан әлсіздігі байқалатын. Сол себепті де, қазіргі жағдайда мамандардың аз болуына байланысты саланың

да тоқырап тұрғанын шамалай берсеңіз болады. Өзімше шамалап қана айтар болсам, бұл салада жалпы кадрдың 90-95 пайызы білікті маман жоқ. Бұрынғы орманшылардың көзін көріп, тәжірибесін алып қалған азын-аулақ мамандар жүр. Қазіргі жұмыс нәтижелеріміз жұрт көзіне түсіп жатса, сол санаулы азаматтардың еңбегі деп білемін.

Ал енді, былтырдан бері ел Президентінің тапсырмасы болды, Қостанай мен Семейде болған орман өрттерінен кейін бұл салаға деген көзқарас пен жағдайлар біршама түзеліп жатыр. Жалақысы екі есеге дейін өсті. Материалдық-техникалық жабдықтау жағдайы да кішігірім қолға алынып келеді дегендей. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қаралатын техникалық жабдықтар мен қажетті құрал-саймандар алынған. Бұрынғы біз көзін көрген білікті мамандардай етіп кадрларды қайта даярлау, қалпына келтіруге дейін бізге біраз уақыт керек сияқты. Мүмкін, кемі 10-15 жыл қажет шығар. Бұл енді тәуелсіздікке дейінгі кезеңдерде, Кеңес заманы тұсында қалыптасқан орманшылар қауымы қазір зейнетке шығып кетті де, былтырғы жылғы жоғарыдан тапсырма негізінде көңіл аударғанға дейінгі уақыт аралығында буын алмасу процесі ақсап, сабақтастық үзіліп қалды. Буын жоғалтып алдық. Қазір енді жаңа буын тақыр жерден қалыптасып жатыр десек болатын шығар. Бұл өте қиын мәселе болып тұр.

(Жалғасы 4-бетте).



ҚҚС 16%-ҒА ДЕЙІН АРТАДЫ: КІМДЕР ТӨЛЕЙДІ, КІМДЕР БОСАТЫЛАДЫ?

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жаңартылған Салық кодексі қолданысқа енгізіледі. Жаңа құжатта қосылған құн салығына қатысты бірқатар өзгерістер бар. Енді ҚҚС мөлшерлемесі 12 пайыздан 16 пайызға дейін өсіп, салықты төлеу және тіркеу тәртібі жаңарады.

Қосылған құн салығы деген не?

Қосылған құн салығы – тауардың немесе қызметтің бағасына үстеме ретінде қосылатын және кейін мемлекеттік бюджетке түсетін жанама салық. Оны тікелей кәсіпкер емес, өнімді немесе қызметті сатып алушы төлейді. Ал кәсіпкер тек сол соманы есептеп, мемлекетке аударып отырады. 2026 жылдан бастап ҚҚС мөлшерлемесі 16% болады. Яғни дәл осы шоколадты сол бағаға сатса, дүкен иесі мемлекетке 320 теңге аударарды.

ҚҚС мөлшерлемесіндегі өзгерістер

2026 жылдан бастап дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге жеңілдетілген тәртіп қарастырылып, 2026 жылы 5%, 2027 жылдан бастап 10% мөлшерлеме белгіленеді. Мерзімді басылымдарға да арнайы жеңілдік бар – олар үшін ҚҚС мөлшерлемесі 10% болып бекітіледі.

Кімдер ҚҚС-тан босатылады?

Жаңартылған Салық кодексіне сәйкес, бірқатар тауарлар мен қызметтер қосылған құн салығынан босатылады. Олардың қатарына Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында көрсетілетін медициналық қызметтер, сондай-ақ Үкімет бекіткен тізім бойынша орфандық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу қызметтері кіреді.

ҚҚС төленбейтін бағыттарға баспа түріндегі кітаптарды шығару, археологиялық зерттеу жұмыстары да жатады. Бұған қоса, 2025 жылдың соңына дейін құрылысы басталған тұрғын үйлердің сатылуы немесе жалға берілуі де салықтан босатылады. Айта кету керек, арнайы салық режимін қолданатын кәсіпкерлер ҚҚС төлеуші ретінде тіркеле алмайды.

ҚҚС төлеуші ретінде тіркелу тәртібі

Қосылған құн салығы бойынша тіркелу, есептен шығу және есеп тапсырудың барлығы онлайн форматта жүргізіледі. Кәсіпкерлер бұл рәсімдерді «Салық төлеушінің кабинеті» немесе eGov.kz порталы арқылы орындай алады. Жаңа Салық кодексінде ҚҚС тіркеуінің үш түрі қарастырылған: айналым шегіне жетпей-ақ өз еркімен тіркелгісі келетіндер үшін – ерікті тіркеу, айналымы 10 мың АЕК-тен асқан кәсіпкерлер үшін – міндетті тіркеу, ал Қазақстан азаматтарына онлайн қызмет көрсететін немесе электронды сауда жасайтын шетелдік компаниялар үшін – шартты тіркеу тәртібі қолданылады.

ҚҚС-тың халықтың күнделікті шығынына ықпалы

Мөлшерлеменің өсуі тауарлар мен қызметтердің бағасына тікелей әсер етіп, кейбір өнімдер қымбаттауы мүмкін. Бұл инфляцияны күшейтіп, жұрттың сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкелуі ықтимал. Шағын бизнес үшін де қосымша салмақ түседі, себебі олардың бәсекеге қабілеттілігі әлсіреуі мүмкін. Сонымен қатар салықтың артуы кей кәсіпкерлердің қолма-қол төлемді көбірек талап ету қаупін тудырады.

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЫЗДЫҢ ТАРИХЫН
ТАМАШАЛАЙМЫН ДЕСЕҢІЗ

8

Министрлік түсіндірді

Сауда және интеграция вице-министрі Айдар Әбілдабеков Үкіметте өткен баспасөз брифингінде Жаңа жыл мерекесі қарсаңында бағаның неге қымбаттайтынына қатысты пікір білдірді, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



ЖАҢА ЖЫЛ АЛДЫНДА БАҒА НЕГЕ ҚЫМБАТТАЙДЫ?

Сондай-ақ вице-министр Жаңа жыл қарсаңында азық-түлік бағасының қымбаттау ықтималдығына қатысты өз болжамын да айтты. Журналистер одан: «Мерекелер алдында бағаға қатысты әбігер болуы мүмкін бе?» деп сұрады.

– Бүгінгі таңда ешқандай әбігердің болатынын күтіп отырған жоқпыз. Жаңа жылдық дастархан – адамның жағдайына, мүмкіндігіне және қалауына байланысты. Оны 50 мың теңгеге де, 500 мың теңгеге де жасауға болады. Бәрі қалтаңызға және қалауыңызға қарай, – деді Айдар Әбілдабеков.

Сонымен қоса ол Жаңа жыл алдында сатып алу мүмкіндігі әдеттегіден артады деп отыр.

– Жаңа жыл жақындаған сайын халықтың сатып алу қабілеті бірнеше есе өседі. Барлығы бір күндік дастарқанға ғана емес, алдын ала қор жасап алады. Сондықтан сұраныс артады. Мен 90-жылдары өзім де саудамен айналыстым. Сол кезде жаңа жылдық екі-үш күндік табысым бүкіл айлық табыстан көп болатын. Егер кез келген тауардың аздап тапшылығы болса, сатушының бағаны көтеруге деген ниеті пайда болады, өйткені тұтынушылар оны бәрібір сатып алады. Мемлекет бұны бақыламайды, тек әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша қадағалайды. Қалған тауарлар – еркін нарықта, – деп түсіндірді вице-министр.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕСИЕ АЛУДЫ ШЕКТЕЙ БАСТАДЫ

Қазақстанда несиені көбіне 31–45 жас аралығындағы азаматтар рәсімдейді. Алайда 2025 жылы кепілсіз тұтынушылық несиелердің өсімі 22,5%-дан 12,7%-ға дейін баяулаған. Мұндай мәліметтерді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жариялады.

Ең көп несиелер рәсімдейтіндер – Алматы (31%) және Астана қаласының тұрғындары (11%) екен.

"Жасына қарай алушылар динамикасына тоқталсақ, 31–45 жас аралығындағы азаматтардың несиелері банктердің тұтынушылық кредиттер портфелінің 46%-ын құрайды. 46–62 жас арасындағы қазақстандықтар – 30%, 22–30 жас тобы – 18%, 63 жастан асқандар – 4%, ал 21 жасқа дейінгілер – 1%", – деді ведомство өкілдері.

Сонымен қатар қазақстандықтардың несиелер алу белсенділігі азайғаны туралы да айтылды.

Есіңізде болсын!

ҚОҒАМДЫҚ ЖЕРДЕ WI-FI-ДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖЕКЕ МӘЛІМЕТКЕ ЖОЛ АШАДЫ

Қазір алаяқтар тұрғындарды өз құрығына түсіру үшін түрлі жолды пайдаланып жатады. Олардың схемасы сағат сайын, тіпті секунд сайын алмасып жатады. Өкініштісі сол, қанша ақпараттандыру жұмыстары белсенді жүргізілсе де, қазақстандықтар жиі ақшаларын алдарына салып беріп жатыр, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Соңғы аптада Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі көшедегі қоғамдық орындардағы Wi-Fi желісіне кіру де азаматтарымыз үшін қауіпті екенін айтады.

– Дербес деректердің жоғалуы оларды үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануына алып келуі мүмкін. Киберқылмыскерлер банктік шоттар мен жеке ақпаратқа қол жеткізу үшін фишингті қоса алғанда, әртүрлі схемаларды қолданады. Жалпыға қолжетімді Wi-Fi желілері арқылы интернет-банкінгке кірмеңіз: олар көбіне қауіпті болуы мүмкін, – деп жазады агенттік хабарламасында.

Расымен, банк қосымшаларына, электронды әмияндарға немесе төлем сервис-



теріне көпшілік жерде кіру – үлкен қатерге әкелуі мүмкін.

ҚОҒАМДЫҚ WI-FI ҚАНДАЙ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ?

Біріншіден, қорғаныс деңгейі төмен болады. Көптеген қоғамдық Wi-Fi желілері тиісті шифрлаумен қорғалмайды. Мұндай жағдайда алаяқтар желіге қосылған құрылғылардың трафигін бақылап, сенімді мәліметтерді оңай иемденуі мүмкін.

- логиндер мен құпиясөздер,
- банк кабинеттерінің кіру кодтары,

ШАРУАЛАРДЫҢ ҚАРЫЗДАРЫ МЕН ӨСІМПҰЛДАРЫ КЕШІРІЛЕДІ

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің кеш төленуіне байланысты қарыз алушыларға есептелген айыппұлдар мен өсімпұлдар жойылатынын хабарлады.



Акция 2025 жылғы 24 қарашада басталып, 2026 жылғы 1 наурызға дейін жалғасады. Компанияның мәліметінше, бастама субсидия төлемдерінің кешігуінен туындаған берешегі бар аграрлар үшін қарыз жүктемесін жеңілдетуге бағытталған.

«Бұл шара бұрын жинақталған мерзімі өткен берешекке де, акция кезеңінде қалыптасқан қарызға да қатысты. Қатысу

үшін қарыз алушылар субсидияланатын бөлігін қоса алғанда, мерзімі өткен сыйақыны толық өтеуі, сондай-ақ мерзімі өткен негізгі борышты жабуы қажет», – деп түсіндірді «ҚазАгроҚаржы» баспасөз қызметі.

Клиенттер акцияға қатысу үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарына өтінішпен жүгінуі тиіс.

МОБИЛЬДІК АУДАРЫМДАРДЫ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда азаматтардың мобильдік аударымдары жаңа тәртіппен бақыланады.

Салық сарапшысы Дмитрий Казанцевтің айтуынша, тексерулерге дайын болу үшін банктік картаның «таза» болуы маңызды, деп хабарлайды LS.

Сарапшы атап өткендей, егер картаның қозғалысында жүйесіз төлемдер байқалса, банк иесінен түсініктеме талап етілуі мүмкін. Ол карта тек жеке тұлғаның атында болуы және оған тек жалақы, дивидендтер немесе жақын туыстардан түскен аударымдар ғана қабылдануы тиіс екенін ескертті.

«16 қазанда премьер-министр жариялаған мәлімдемеді "таза парактан" әкімшілендіру моделіне көшу және шағын бизнеске камеральдық тексерулерді тоқтату туралы айтылды. Алайда 2026 жылдан бастап банктік карталарды пайдалану қағидалары айтарлықтай қатаңдайды», – деді Казанцев Shanурақ 2025 бизнес-фору-

мында.

Жаңа ережелерді бұзған жағдайда азаматтар қосымша жауапкершілікке тартылады. Егер табыс жасырылғаны анықталса, төленбеген салықтың 10%-ы көлемінде қосымша төлем салынады. Ауыр жағдайларда бұл айыппұл салық сомасының 200%-ына дейін жетуі мүмкін. Белгілі бір жағдайда мүліктің заңды көзін дәлелдей алмаған азаматтың активтері тәркіленуі ықтимал.

Казанцевтің айтуынша, мысалы, ресми табысы жоқ адамда бірнеше пәтер болса, оның шығу тегін түсіндіруі қажет болады. Сарапшы көпшілік үшін негізгі салдар есептелген салыққа қосымша 10% төлеу ғана болатынын атап өтті. Сонымен қатар, бұл соманы 30 жұмыс күні ішінде өтеу мүмкіндігі қарастырылған.

Еске салсақ, бұған дейін Дмитрий Казанцев Қазақстанда үш жылдан кейін табыстарды декларациялаудан бас тарту мүмкін екенін де айтқан.

тіпті банк қосымшасындағы ақпарат та қауіпке ұшырайды.

Үшіншіден, интернет-банкінгке кірген кезде қауіп артады. Яғни қоғамдық Wi-Fi-да банк операцияларын орындау – ең қауіпті әрекет саналады. Өйткені банк жүйесіне кіру кезінде логин, пароль, бір реттік SMS немесе Push-кодтарды пайдаланасыз. Алаяқтар тура осындай мәліметтерге қол жеткізуге тырысады. Ал қорғалмаған желіде бұған қол жеткізу оңай шаруа.

ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙСЫЗ?

• Агенттік қоғамдық орындарда Wi-Fi арқылы банк операцияларын жасамауға кеңес береді.

• Үнемі мобильді интернетті таңдаңыз.

• VPN қолдану қажеттілігі. Ол интернет трафигін шифрлап, қауіптің бір бөлігіне тосқауыл қояды.

• Ұялы телефондағы файл алмасу мен желіні бөлісу функцияларын өшіріңіз.

• Банк қосымшаларына қауіпсіздік параметрлерін қосыңыз. Бұл параметрлер деректерді қорғауға көмектеседі.

Қоғамдық Wi-Fi қысылғанда не үнемдегің келгенде пайдалы. Бірақ, оның осындай салдары бар екенін естен шығармаған абзал. Әсіресе бұл интернет-банкінг пен төлемдер үшін қауіпті болып отыр.

ЕҢБЕК АДАМЫ

«Кимешек» атауын естіген кез келген кісінің көз алдына ең әуелі бойында мейірім мен даналық, байсалдылық пен парасаттылық тұнып тұрған қазақ әйелінің бейнесі елестейтіні белгілі. Бұл киелі бас киім – біздің ұлтымыздың ізеттілік пен инабаттылыққа негізделген тәрбиесінің, аналық мәртебе мен үлкенге деген құрметтің белгісі саналатын құндылықтарының бірі. Сәндік сипаты ғана емес, мазмұндық мәні де терең бұл ұлттық киім қазақ әйелінің қоғамдағы орнын, өмірлік кезеңін және отбасындағы рөлін айқындап тұрғандай. Кимешекті таныту арқылы біз тек бір дәстүрді емес, тұтас ұлттың мәдени болмысын, тарихи жадын жаңғыртамыз. Бүгінде бұл ұлттық киімді тігіп, көпшілікке дәріптеуді қолға алған жандар да жетерлік. Сондай қолөнер шеберлерінің бірі, Түркістан облысы Сайрам ауданына қарасты Қарасу ауылының тұрғыны Таңсық Бөрібекова бүгінде ұмыт бола бастаған құндылықтарымызды қайта жандандырып, ұлттық рухты оятуға үлкен үлесін қосып келеді. Еңбек жолын математика пәнінің мұғалімі болып бастаған ол зейнеткерлікке шыққан соң да қол қусырып отырмады. Ұстаздық жолын киелі мұрамыздың бірі – кимешек тігетін кәсіппен ұштастырды. Осылайша ата-бабамыздан жеткен ұлттық өнердің қадір-қасиетін өскелең ұрпаққа ұғындырып, өткен мен бүгінді сабақтастыруды мақсат етті.



эстафетасын Біріккен Араб Әмірлігіне тапсыру бақыты бұйырады.

МАРАПАТТАРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР ЖОЛЫ

Ұлттық колөнерімізді ұлықтап, оны жаңғырту жолында аянбай еңбек етіп жүрген Таңсық Кенжекызы бұл саладағы табанды еңбегі үшін түрлі марапаттар мен алғыстарға ие болған. Әр жылдары оның еңбегі еліміздің түкпір-түкпірінде өткен колөнер байқауларында жоғары бағаланып, лайықты түрде еленіп келеді. 2014 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» облыстық фестивалі аясында өткен қылқалам және колөнер шеберлерінің көрмесінде үздік нәтиже көрсеткені үшін I орын, «Қырғыз этносының тілі, мәдениеті және салт-дәстүрлері күніне» орай ұйымдастырылған іс-шараға «Әжелер хоры» құрамында белсене қатысқаны үшін «Күміс көмей әжелер» номинациясын алады. Ал 2016 жылы Астана күні мерекесі аясында «Қымызмұрындық» Халықаралық фольклорлық-этнографиялық фестиваліне белсе-

ТАҢСЫҚ ЕСІМІНІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ТАРИХЫ

Асыл қазынамызды жаңғырту жолында он бес жылдан бері кимешек тігумен айналысатын Таңсық Кенжекызының есімі де осы таңсық қолөнермен үндесіп тұрғандай. Ерекше есімінің шығу тарихы да қызық.

Анасы Тұрымтай мен әкесі Кенже екеуі шаңырақ құрғаннан кейін он жылға жуық перзентсіз күндерді бастан кешеді. Әкесі Сайрам ауданы, «Қайнарбұлақ» совхозына қарасты «Қызылсу» колхозының бастығы болып жұмыс істеп жүргенде, ауданнан уәкіл келіп, жиналыс жасайды. Жиналыс аяқталып, ауылдарына қайтарла жақынырақ танысып: «Кенжеке, қанша бала-шағаң бар?» – деп әңгімеге тартады. Сол кезде әкесі әлі балалы болмағанын білдіргісі келмей, «Бір қыз, бір ұлым бар», – депті. Құдай аузына салып, періштенің құлағына шалынса керек. Шынында, көп ұзамай, Кенже бір ұл мен бір қыздың әкесі атанып, шаңырағы шаттыққа кенеледі.

Анасы Тұрымтай бойына бала бітіп, 4 айға жетіп, бала қимылдағанға дейін әкесіне айтпаған екен. Әкесі күндердің күнінде ренжіп, «Күткен мендей-ақ болар, мен енді басқаға үйленемін», – деп есіктің табалдырығын аттап бара жатқан тұста, «Кенже, тоқта, менің бойымда бала бар. Құдай біздің тілеуімізді берген болар. Саған айта алмай жүрмін», – депті. Қатты қуанғаны соншалық, әкесі есіктің табалдырығына аяғы сүрініп, жерге құлап түседі, аяғын қатты ауыртып жаракаттап алады. Шарананың жарық өмірге аман-сау келуін Жаратқаннан жалбарынып сұраумен болады.

Көптен күткен күн туып, 1951 жылы 11 қарашада Шіркін ауылындағы Кенже мен Тұрымтайдың шаңырағында қыз өмірге келеді. Ақ түйенің қарны жарылған ақжолтай жаңалыққа күллі ауыл қуанады. Ал әулеттің қариялары «Бұл қызымыздың аты Таңсық болсын» деп азан шақырып атын қойған екен.

Мектептің орта білімінен кейін Таңсық Бөрібекова Шымкенттегі педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны бітірген соң өзімен сыныптас азамат Бөрібеков Нұрсейітпен отау құрады. Жұмыс жолын Сайрам ауданындағы өзі бітірген Орджоникидзе мектебінен бастады. Алғабас ауданы, «Алғабас» совхозындағы Фани Мұратбаев, аудан орталығы Шаяндағы «Ленин», «Боралдай» совхозындағы Заречная мектептерінде де жұмыс істеді. Зейнеткерлікке шыққан соң, зейнет жасындағы кезеңін мазмұнды да мәнді өткізу үшін титімдейінде әжесінен үйренген тігіншілік өнерін қайта қолға алды. Бос уақытын тиімді пайдаланып, тігіншілік ісін жетілдіре түсті. Ол кимешек, сәукеле, бөрік, тақия тәрізді ұлттық нақыштағы киімдерді тігіп, тек отбасына ғана емес, айналасындағы жандарға да пайдасын тигізе алды.

«Қаршадайымнан әжем мені қасынан бір елі қалдырмай, жетектеп жүретін. Өзі ұлттық киім тігудің хас шебері болатын. Киім үлгілерін қалай пішіп, дайындау керектігін кішкентай кезімнен осы ақ әжемнен үйренгенмін. Әйелдерге нымша, кимешек тігіп жүргеніме он бес жылға жуықтады. Әрине, әрдайым сұраныс бар. Немере қыздарымның барлығына кішкентай кезінен бөрік пен камзол, бүрмелі көйлектерді өзім тігіп беремін. Олар есейген сайын өлшемді де өзгертінді

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ ЖАҢҒЫРТҚАН ҰЛАҒАТТЫ ЖАН



белгілі. Сондықтан жыл сайын жаңасын пішіп, өздеріне де тигуді үйретемін», – дейді ол.

«ҰРПАҒЫМДЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТА ТӘРБИЕЛЕУГЕ ҮЛЕС ҚОССАМ ДЕЙМІН...»

Сайрамдық қолөнершінің сөзіне сүйенсек, кимешектің әр ру атауларына сәйкес тігілуі – бұл руға бөлінуді білдірмейді екен. Ессесіне этнографиялық мұрамызды молайтуға мүмкіндік беретін көрінеді. Көне дәуірдегі шеберлеріміз кимешекті зер, баспа, жібекпен оқалап кестелесе, кейіннен XIX ғасырда айқын кестелеу секілді түрлі техникамен өрлеуге көшті.

«Жалпы мен кимешектердің көпшілігін ұсақ түрлі тастармен көмкеріп тігемін. Әсіресе, кимешек тігуге арналған жібек матаның бетіне майда моншақтарды орналастыру ұзақ уақытты алады. Көздің нұрын алатын мехнаты мол жұмыс қой. Кимешектер жалпы сыртқы көрінісі жағынан бір-біріне ұқсас көрінгенімен, олар үстінен орайтын күндіктері арқылы ажыратылады. Күндіктің өлшемі 7-8 метрден бастап кей өңірде тіптен 40 метрге дейін созылатын бөз матадан оралады. Оның ортақ өлшемі – 26 метр, себебі қыз-келіншектердің киімі осы өлшемге сай келеді. Күндік киімі көшпелі халық үшін тұрмысқа қолайлы болған. Мәселен, көш барысында кенеттен әлдекім жаракаттанса, жарасын таңып байлау үшін немесе ай-күні жеткен әйел босанған жағдайда – жөргек, тіпті тағдыр талқаны таусылып, кейбіреу өмірден өткенде осы күндікті кебін ретінде кәдеге жаратқан», – дейді ол.

Тігін тигуді тек күнкөріс көзі емес, рухани тыныштық пен шығармашылықтың бір түрі ретінде қабылдаған ол аталмыш іспен айналысу арқылы өзіне жана серпін, өмірге деген шабыт алды. Сонымен қатар, қазіргі таңда немерелеріне бұл өнердің қыр-сырын үйретіп, «Өнер – атадан балаға мұра» деген қағи-

даны берік ұстануда.

«Кейінгі кездері кимешек тігу ісін кеңінен қолға алып келемін. Мұндағы бар мақсатым – ұрпағымды ұлттық болмыста тәрбиелеуге, олардың бойына патриоттық тәрбие мен елге деген сүйіспеншілікті сіңіруге, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды насихаттауға теңізге тамған тамшыдай болсын үлесімді қоссам деймін. Себебі болашағымыздың баянды болуы – ұлттық тәрбиенің беріктігіне, ал ұрпақтарымыздың елжанды азамат болып өсуі – біздің отбасында берген тәлім-тәрбиемізге тікелей байланысты. Жалпы өзім ұстаздық жолда жүргенде де: «Оқуларыңды озат оқып, түзу жолдан таймай тәрбиелі болыңдар. Сонда сендер еліне адал қызмет ететін, нағыз патриот тұлға ретінде қалыптасасыздар», – деп оқушылардың құлағына ұдайы құйып отыратынмын.

Табиғатынан тірліктерінің тындырымдылығы сырт көзге бірден танылып тұратын Таңсық Кенжекызы өз қатарластарының да қоғам өмірінен қалыс қалмай, белсенді атсалысуын мақсат тұтты. Қазақтың ұлттық құндылықтарын, бай мұрасын келешек ұрпаққа жеткізу, немерелеріне өнеге көрсету, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты насихаттап, тәрбиелік мәні бар іс-шараларға атсалысу ниетімен белсенді әжелерден тұратын «Көркем әжелер» тобын құрды. Алғашында ақ жаулықты әжелер Сайрам ауданындағы іс-шараларда ұлттық киімде ән шырқап, салт-дәстүрге қатысты көріністер сахналап жүреді. Кейіннен Шымкент қалалық «Салт-дәстүр орталығымен», қалалық, облыстық мәдениет басқармаларымен қоян-қолтық жұмыс істеуге көшеді. Тіпті салт-дәстүрге байланысты фильмге түсе бастайды. Астанада өткен әлемдік деңгейдегі іс-шараларға шақырылып, тіпті ЭКСПО-да бір апта бағдарламаға сай өнер көрсетеді. Бірінші күні ұлттық киімдерді көрсетсе, екінші күні тағамдарымызды дәріптейді. Аталған шара басталардан алдын Қазақстандағы ЭКСПО-ның

не қатысқаны, халықтар достығы мен дәстүрін нығайтуға атсалысқаны, сондай-ақ жоғары кәсіби шеберлігі үшін арнайы дипломмен, 2024 жылы Қырғызстан еліндегі «Yssyk-Kul fest – 2024» III еларалық достық конкурс-фестивалінде II орын алып, арнайы дипломмен марапатталды. Ал 2025 жылы «Сыбаға fest» ұлттық дәстүрлер мен тағамдардың облыстық байқауына Сайрам ауданы атынан қатысып, атаулы сыбаға үлестіру дәстүрі мен ерекше тағам ұсынғаны үшін бас жүлдені иемденеді. Бұдан бөлек, Қазақстанның педагогикалық академиясы ғылыми қауымдастығының мүшесі ретінде педагогикалық саналы игілікті істері және «Ақ кимешек» халық мұрасы мен ұлттық киім үлгілерінің дамуындағы озық идеялары үшін Таңсық Бөрібековаға профессор атағы берілді. Бұл марапаттар мен жетістіктер Таңсық Кенжекызының ұлттық қолөнерді, дәстүрлі мәдениетті насихаттаудағы өлшеусіз үлесін, сондай-ақ халық мұрасын ұлықтап, келер ұрпаққа жеткізу жолындағы адал еңбегін айқын көрсетеді.

Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – әр отбасының басты мұраты. Осы бір қасиетті ұғымды өмірлік ұстаным еткен, саналы ғұмырларын еңбек пен тәрбиеге арнаған Нұрсейіт Нұралыұлы мен пен Таңсық Кенжекызы – бүгінде ұрпағының ортасында шапағатты шаңырақтың иелері ретінде үлкен құрметке ие. Ауыл мен елдің дамуына өзіндік үлес қосып, адал еңбек пен парасатты ғұмыр жолында талай із қалдырған қос тұлға – көпке үлгі.

Жары Нұрсейіт ұзақ жылдар бойы есеп саласында абыройлы қызмет атқарды. Ол Алғабас аудандық ауылшаруашылығы басқармасының аға есепшісі, «Боралдай» кеңшарының бас есепшісі, кейін Сайрам ауданындағы «Алма» акционерлік қоғамының бас есепшісі қызметтерін қалтқысыз атқарып зейнеткерлікке шықты. Таңсық Кенжекызы да ұлттық қолөнер, дәстүрлі мәдениет пен педагогикалық бағытта елге сіңірген еңбегімен көпшілікке танымал. Қазіргі таңда олар бірін-бірі қолдап, өмірдің сан қилы белестерін бірге еңсеріп, тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Алып бәйтеректей жайқалып, ұрпағының қызығына бөленіп отырған бұл өнегелі отбасы Қарасу ауылындағы сыйлы, құрметті әулеттердің бірі саналады. Олардың шаңырағынан түлеп ұшқан бір ұл мен екі қыз – ата-ананың үмітін ақтап, жоғары білім алып, әрқайсысы өмірден өз орнын тауып, өрістерін кеңейткен. Бүгінде Нұрсейіт ата мен Таңсық апа – немерелері мен шөберелерінің ортасында бақытқа кенеліп, ұрпағының қызығын көріп отырған берекелі әулеттің биік бәйтеректері.

Өмір жолын адал еңбекпен өрнектеген Таңсық Кенжекызы – ұлттық мұраның аманатшысы, отбасылық құндылықтың тірегі. Қолөнерге сіңірген еңбегі мен ұстаздық жолдағы қызметі – жас буынға бағдар, кейінгіге үлгі. Түп-тамырын ұмытпай, салт-дәстүр мен рухани байлықты дәріптеп келе жатқан осындай жандар барда ұлттық өнердің болашағы жарқын болмақ.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

◀ (Соңы. Басы 1-бетте).

Қазір байқасақ, білімді жастар жағы біздің орман шаруашылығы, табиғат қорғау саласына өте сирек келеді. Ұзақ мерзімді уақытқа жоспарлап келе бермейді. Бір-екі жыл ғана қызмет етіп, ары қарай басқа салаға ауысып кетіп жататындар көп болып тұр. Жалақысы көтерілген күндегі жағдай осы. Десе де, табиғат қорғау саласына келіп жатқан жастар аз да болса бар. Лаж жоқ, оған да шүкір демеске амал жоқ. Бұл енді менің нағыз қорқатын нәрсем осы болып тұр. Өйткені, кәсіби мамандарсыз салада ешқандай оң өзгерістер болмайды. Ол анық.

Бұл айтқандарым – табиғат қорғау саласының орман шаруашылығы тақырыбы. Ал, ғылыми жұмыстар, табиғатты зерттеу шаралары, оның ішінде ботаникасы бір бөлек, құстар-орнитологиясы бір бөлек, омыртқалылар әлемі мен сүтқоректілері бір бөлек, бунакденелілер мен бауырымен жорғалаушылар дүниелері бар дегендей, солай-солай биоалуантүрлілік ғылыми жұмыстардың бөлімдеріне келетін маман-



Ғани НАЗАРБЕК, табиғат жанашыры:

«ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІНЕ ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҚ

дар жағы жоқтың қасы болып тұр. Былай қарасақ, біздің Түркістан облысында 4 ерекше қорғалатын аумақ, одан бөлек 6 орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемелері бар болса, тікелей ғылыммен айналысатын аумақтар «Ақсу-Жабағылы» және «Қаратау» қорықтары, «Сайрам-Өгем» және «Сырдария-Түркістан» табиғи парктарын қоса алғанда ішінде ары кетсе кәсіби біліктілігі бар 2-3 ғана маман бар. Кез келген саланың дамуында ең бірінші ғылым тұруы керек. Ғылыми негіздемелер жасалуы керек. Онсыз жасалып жатқан дүниелердің барлығы бекер деп ойлаймын. Сол себепті, бұл саладағы ғылым мәселесіне тереңдеп ден қоймаса, жағдай қиын.

– Жағдай нашар дейсіз. Осының бәрін көріп тұрып бұл салаға бару, өмірін арнау, тіпті сол салада қалудың өзі үлкен жанкештілікті, мамандыққа деген көзсіз сүйіспеншілікті көрсете ме? Әлде, басқа салаларға жұғыса алмай, амалсыздан күнкорістің қамымен ғана баруды білдіре ме? Жалпы, мамандыққа деген құштарлық, туған жердің табиғатына деген патриоттық сезімдер туралы айтып бере аласыз ба?

– Өзіміз де тек бұл саладағы қызметкерлерді іштей бөлеміз. Жеке өзіміз ойымша ғой. Бұл бөлінулер мен сипаттамалар тек табиғатты қорғау саласында ғана емес, қазіргі қоғамдағы кез-келген салаға қатысы болуы мүмкін. Қазіргі таңда біздің салада жүрген азаматтардың көпшілігі бірінші кезекте, иә, басқа салаға сіңісе алмағандар, өз орнын таба алмағандар да бар. Өйткені, басқа жерде жұмыс істей алмайтын азаматтар да жүргені рас. Оның ішінде түрлі салаларда жұмыс істеп келіп, осында уақытша ғана отырып, кейін басқа салаға ауысып жататын да кісілер баршылық.

Сондай-ақ, бұрында да болған, қазірде де жоғала қоймаған әрекет – сұғанақтық (браконьерлік) әрекеттерін сүйемелдейтін, шұғылданатын, қалқалайтын азаматтар да жоқ емес. Оның ішінде жемқорлық, паракорлық, заңсыз әрекеттерді де қоссақ болады. Табиғатты қорғау саласы болған соң, сондай әрекеттермен айналысатын, сол әрекеттерін қалқалайтын азаматтар да болады. Заңсыздықтарды жасыратын, жабуға бейімделген, сонымен күн көретін кісілер ғой, былайша айтқанда.

Біздің тақырыбымызға келетін саналы азаматтар да бар. Мардымсыз ғана жалақысы болса да, соған шыдап, төзіп, еңбек етіп жүрген мамандар да жоқ емес. Табиғаттың киесін білген, табиғаттың сырын ұғып, өмірін арнаған азаматтар сирек

те болса баршылық. Біздің саланы ұстап тұрған да, тірекке айналған да осындай азаматтар деп білемін.

Статистикалық ресми деректерге қарасақ та белгілі ғой, табиғатты қорғау саласы – кадрлық тұрақсыздық жайлаған сала. Кадрлар өте жиі орын ауыстырып жатады. Оның ішінде басшылық топтан бөлек, мамандардың өздері де солай. Ал, мамандардың тұрақсыз болуы жұмыстың өнімділігіне қатты әсер етеді. Жалпы, біздің өңір, оның ішінде «Ақсу-Жабағылы» қорығы – табиғат қорғау саласындағы қазақстандық ғалымдардың көптеп шығарып жататын ұстаханасы, қара шаңырағы. Өйткені, ол 1926 жылы құрылған, келесі жылы 100 жылдығын атап өткелі отырмыз. Содан бастап еліміздегі ең білікті мамандар сонда жұмыс істеген. Сол жерден шығып, Ботаникалық-фитоинтродукция және Зоологиялық институттарында қызметтерін жалғастырып, ол жақта шәкірттер дайындап, ол шәкірттерін қайта «Ақсу-Жабағылы» қорығына жіберіп жатқан, жүйелі жұмысын жолға қойған мекеме саналады. Бірақ, қазір сол ұстахананың өзінде кадрлық жағдай онша емес деуге болады. Иә, мықты мамандар бар, бірақ олардың қатары санаулы болып қалды.

Осы айтылған жағдаяттарды жіпке тізген кезде, жалпы саладағы кадрлық мәселелер қиын жағдайда тұр деп айта аламыз. Бұл мәселені кешенді түрде, тек мекемелік деңгейде ғана емес, ел ішіндегі қабаттасқан мәселелермен бірге, білім беру жүйесінен бастап шешпесе болмайды. Айтып отырмын ғой, бұл біздің салада ғана кептеліп тұрған мәселе болмаса керек, барлық салаларда да жинақталып, тығындалып тұрған дүние болса керек деп ойлаймын.

«ОСЫ САЛАҒА КЕЛУІМЕ АТАМ СЕБЕПШІ БОЛДЫ...»

– Табиғатты қорғау саласына келуді бала кезден армандап, мақсат етіп келген бе едіңіз, әлде басқа бір себептермен бе?

– Иә, менің негізгі мамандығым – құқық және экономика негіздері. Біздің студент кезімізде сондай мамандық болатын. Мамандық алып шыққан соң әскерге бардық. Әскерден келгеннен кейін басқалай жұмыстар істеп жүрдік. Сөйтіп жүргенде, осы салаға келуімізге өзіміз туған атам себепші болды. Бастапқыда өзім де түсіне қоймағаным рас. Қайда келдім, қандай сала, не жұмыс істейді дегендей. Бірақ, арада бірнеше ай өткенде барып ұғындық, түсіндік. Сол кездегі біздің бағымызға

орай, бұрынғы Кеңес өкіметі кезеңдерінен жұмыс істеп келе жатқан, 40 жылдан астам тәжірибесі бар нағыз кәсіби мамандардың қолына түстік. Мен 2011 жылы «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркіне жұмысқа кірген кезде зейнеткерлікке шығып қойған бір-екі азаматтар жұмыс істеген кезі де болған. Бір үш-төрт жылдың айналасында білікті мамандардан тәлім-тәжірибе алып үлгердік. Ол енді сол кездегі біздің бағымыз. 2011 жылдың сәуір айында жұмысқа кірген екенбіз. Ол кісілер тек жұмыстың барысын ғана емес, өмірлік ұстанымдарды, өмірдегі әртүрлі жазылмаған заңдылықтарды, орманшылардың әдеттерін, таудағы өмір тәртібін дегендей дүниелерді де үйретіп кетті. Оның ішінде салаға, туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікті, патриоттылықты да сол кісілерден үйрендім. Өйткені, орманшылар негізінен сенбі-жексенбі күндері жұмыс істейді. Дәл сол күндері демалушылар көп, сұғанақтар (браконьерлер) да сол уақытта шығады. Мейрам күндері тіпті көбейеді. Сол сәттерде демалыс және мереке күндері жұмысқа шыққаны үшін жалақы алмай, үлкен жауапкершілік ала отырып жұмыстар атқарды. Менің өз басым мықты мектеп болды.

басталған дүние уақыт өте келе күшейе күшейе үлкен ағысты толқындарға жалғасып жатты. Қазіргі таңда одан да үлкен өңірлік, елдік деңгейдегі экологиялық мәселелермен айналысып жүрміз.

– Тау тақырыбын жалғай түсейікші. Тау шыңдарына Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би атауларын беру туралы еңбегіңіз үлкен қолдауға ие болғаны есімізде. Сол идеяңыз «Сайрам-Өгем» табиғи паркінде еңбек етіп жүрген кезіңізде туған ба еді? Ондай шыңдардың атауын ауыстыру туралы мәселе барын қайдан ұқтыңыз?

– Сол кезде өңірдегі альпинистер қауымымен тығыз араластық, айналыстық. Оңтүстік Қазақстан облысының альпинистер федерациясының қызметкерлерімен тауда бірге жүрдік. Қазіргі «Сайрам-Өгем» ұлттық паркінің көптеген туристік маршруттарының ашылуына тікелей солар себепші болды. Таудағы бұрын адам бара бермейтін жерлерді көрсетті, жол бастады. Ол маршруттар бойымен бірлесе отырып соқпақ пен көпір салдық. Соның ішінде қазір белсенді дамып кеткен біркүндік туристік соқпақтар бар ғой, Төменгі Сайрамсу көлі дейміз, Доңызтау бар, басқа да көптеген маршруттар сол



Қазақтың жеріне, табиғатына деген құштарлық сол кездері оянды. Олай болатын себебі, Тәңір тауларының (Тянь-Шянь) ең батыс бетіндегі Өгем жотасының қойнауларында жүріп, мен бірінші кезекте ұлттық парктің Жануарлар дүниесі бөлімінде жұмыс істеуді бастадым. Сол кезде жануарларды зерттеуге деген құш-

кезде ашылды. Айтып отырмыз ғой, ең танымал маршрутымыз – Төменгі Сайрамсу көлі болса, біз бес-алты азамат болып соған баратын соқпақтың бойынан 7 жерден көпір салдық. Оған дейін онда ескі болса да 2 көпір бар болатын, барын жаңаладық, жоғына арша ағашынан уақытша көпірлер салдық, кейін кішкене жанартыл-

БІЗДІҢ КЕЙІШКЕР



ды. Тауларға туристік сокпақ салу сөйтіп басталған.

Сонда жер атауларының бәрі түсініксіз атаулармен аталғаны назарымызды аударды. Біреулерінде тіпті Кеңес өкіметі кезіндегі ескірген ұрандардың атаулары болды. Сөйтіп, жергілікті тұрғындардан атаулардың тарихын сұрастыра жүретін әдет таптық. Сөйтсек, ол шырлар мен жер атауларының барлығын көне қазақша, тарихи атаулары бар екен. Осыдан кейін неге тарихи атауын қалпына келтірмейміз, неге өзгертейміз деген ой мазалады. Ұсыныстар айттық. Бұл альпинисттік федерацияның ішінде дау туғызды. Өйткені, ол жерде қазақтілді азаматтар өте аз болды. Біздің ұсынысымызды қолдаған Кеңес Исмайлов деген ағамыз еді. Оны ерекшелік тұрып атап өту керек шығар. Ағамыздың 2000 жылдары басталған «Бұл – біздің таулар» деген фестивалі болды. Оның да өзіндік мәні бар, көкірегі ояу ағамыз сол жылдары Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы таулы аудандардағы шекараны белгілеу жұмыстары қолға алынып, соның барысында өзбек жағы-



Қазақтың қазіргі туристер секілді патлатқа тігіп, таудың қойнауында, таза ауада, қымыз сапырып жатқаны нағыз туризмнің көкесі болар. Оған, жылына бірнеше рет ойдағы базарлы қалаға түсіп, базарлап, қазіргіше айтсақ «шопинг туризмін» жасап қайтатыны да бар емес пе? Мүмкін осындай ерекшеліктерін ескергеннен сіз айтқандай тұжырымды айтқан болармын. Қазір есімде қалмапты.

Ал, табиғатты қорғау тақырыбына келер болсақ, біздің қазаққа экософиялық түсініктер жақсы қалыптасқан. Қазір экософия деген ұғымдар әлемде енді ғана танылып келеді. Ал, қазақтың ырым-тыйымдарының көбінде ондай экософиялық түсініктер, қасиетті табиғат ұғымдары бұрыннан бар. Көкті жұлмау, құдыққа түкірмеу, суды бұлдірмеу, қарлығаштың ұясын бұзбау, аққуды атпау деген сияқты ырым-тыйымдар біздің халықта әлімсақтан бар дүние. Ал бұл болса экософия деген ғылым. Мұндай ырым-тыйымдар тіпті тарихи деректерде де, мысалы Төле бимен қатыстырыла да айтылатыны бар. Тіпті, Асқар, Таубай, Жайлаубай, Қарлығаш, Сандуғаш, Алма дегендей адам

ӨГЕМ ТАУЫНДА ЖҮРГЕНДЕ ОЯНДЫ»

ның шекара бағандары бұрын біздің жаққа қарай өтіп кеткендерін байқаған екен. Сол аумақтарға «Бұл – біздің таулар» деген азаматтық ұстанымдарын айшықтайтын фестивальдер ұйымдастырып, қазақ байрағын тігіп жүрген. Соның әсері кәдімгідей болып, кейін шекара өзінің межесіне қойылып, нақтыланды ғой. Одан кейінгі кезеңдерде «Бұл – біздің таулар» деп аталған фестиваль өзінің мәнін жоғалтты. Бұрынғыдай азаматтық позицияны көрсететін патриоттық жиын емес, кәдімгі альпинисттік-туристік мәндегі лагерьлер типіндегі басқосуларға айналды.

Кейін фестивальдің бастапқы мәнін қайта жаңғырту мақсатында шырлар мен жерлердің тарихи атауларын қайтаруды мақсат еттік. Онда да жаңадан атау бермедік, көне тарихи атауларын қайтарғымыз келді. Толық орындалмағандықтан ол мақсат бізде әлі бар. Бұл тақырыпқа әлі де айналып келетін шығармыз.

Үш бидің атауын ауыстыру 2018 жылы жүзеге аты. Өз ортамызда үш шың орналасқан жерді «цирк» деп атайтын едік. Өйткені, үш шың иықтаса қатар орналасқан да, ортасы кемерлене келген цирктің арнасы сияқты көрінеді «Кергели узловая», «Студентская», «Рощина» деп аталады. Үш шың қатар, бір-біріне жақын орналасқан, биіктіктері де шамалас. Шымкенттегі сот ғимараты алдында алқа-қотан қатар отырған «Үш би» ескерткіші бар емес пе? Бір қарағанда әлгі үш шың алқа құрып отырған жаңағы ескерткіштердің мүсініндей көрінеді. Үш шыңның атауын үш бидің атына берейік деген идея осылай пайда болды.

Өзі сол кездері «Рухани жаңғыру» деген бағдарламаның шарықтап тұрған шағы болатын. Сол бағдарлама аясында облыс әкімшілігі тарапынан кішірек көмек болды. «Бұл – біздің таулар» фестиваліне мүйізі қарағайдай атақты азаматтар, альпинистер қатысты. Жалпыхалықтық сипаттағы ірі шара дүркіреп өтті. Оған дейін «Рощина» шыңы деп аталып келген шың – Төле би, «Кергели узловая» шыңы – Қазыбек би, «Студентская» шыңы – Өйтеке би шыңы деп аталды.

Әлі де өңірімізде тарихи атауларын қайтаратын жер атаулары баршылық. Оған біріншіден уақыт керек, екіншіден қаржы керек, ұйымдастыратын, үйлестіретін күш-жігер керек, ең бастысы – ынта керек. Үш биге «іздегенге – сұраған» дегендей, бір аңғарда қатар орналасқан, деңгейлері шамалас шырлардың табыла кеткені өте сәтті дүние болды деп ойлаймын.

ЛЕММЕРС ҚЫЗҒАЛДАҒЫ – ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЭНДЕМИГІ

– Осы атауларды қазақыландыру дейтін тақырып қозғала қалса, Қызыл кітапқа енген қызғалдақ атауларын да қазақшалайық деген пікірлерді әлеуметтік желілерден жиі кездестіріп тұрамыз. «Қызғалдақ десе, Ғани Назарбек еске түседі» дейтін сөз де мәтелге айналғаны бар ғой. Жалпы қызғалдақ тақырыбына бір тоқталайықшы. Оның атауларын ауыстыру мүмкін бе өзі?

– Енді, көпшілік қауым білетін шығар, біздің еліміздің көлемінде жалпы қызғалдақтың 42 түрі болса, олардың атауларын соны зерттеген ғалымдардың, ұстаздарының немесе сол XIX ғасырдағы патша өкіметінің кезеңіндегі ел билеген губернаторлардың аттарына берілген. Онда да ол губернаторлар сол ғалымдардың сапарына қолдау білдіріп, демеушілік жасағандықтан солардың құрметіне қойылған атаулар. Одан басқа Түркістан қызғалдағы, Соғды қызғалдағы деген секілді атаулар да кездесетіні бар. Тіпті, мынау ең соңғы болып 2009 жылы біздің Түркістан облысынан ашылған Леммерс қызғалдағының өзі бір голландтық ғалымның атымен аталып отыр. Леммерс қызғалдағы сонау тарих қойнауындағы ескі атау емес, тәуелсіздік алған бергі уақыттың ішінде атау. Оның үстіне, ол қызғалдақ – Түркістан облысының жалғыз эндемигі. Өсетін жерінің ареалы өте тар эндемик. Бір ғана Машат шатқалының бір шетінде ғана кездесетін қызғалдақ – өте бағалы қызғалдақ болып отыр. Күні кеше ғана ғылыми айналымға енген қызғалдақ түріне шетелдік ғалымның атын беріп отырмыз. Халықаралық ғылыми айналымға сол атаумен еніп кеткен нәрсені енді келіп қазақшалайық дейтін пікір дұрыс емес, жалған намысшылдық қасиет, меніңше. Намысшыл екенбіз, ғылыммен айналысып, күні кешегі 2009 жылы ғана белгілі болып жатқан қызғалдақ түрін өзінің немесе сол ареалына сәйкес «Машат қызғалдағы» деп атамадық? Сөйлетіндер намысшылдығын интернет желіде емес, ғылымда көрсеткені жөн деп ойлаймын.

Бізді көпшілік Д.Айманбет айтқандай, «қызғалдақтанушы» деп білгенмен, мықты ботаник немесе флорист емес. Бірақ, менің білуімше, қазіргі таңда осы тақырыппен айналысып жатқан мықты маман азаматтар бар. Олар бүгінде гүлдерді зерттеушілерге арналған энциклопедия жазып жатыр. Ол қазақ тілінде ботаникалық іргелі еңбек болып шығады деп күтіп

отырмыз. Жаңылмасам, аталған энциклопедия 10 томнан, 6 кітаптан тұрады. Соның ішінде 6 мыңнан астам өсімдіктің түрі бар ауқымды еңбек болғалы жатыр. Сол кісілер өсімдіктердің атауларын өзгертіп жатыр. Оның ішінде қызғалдақтың да атаулары бар. Мәселен, «Қазақстан – алманың отаны» дейміз, бірақ сол алманың түпкі атасы – Сиверс алмасы деп аталады. Сонда, ол қазақтікі болуы мүмкін бе деген сауалдар қойылып жатады. Ал, әлгі еңбекті жазып жатқан кісілер Сиверс алмасын «жұмақ жеміс ағашы» деп өзгертіп жатыр. Әрине, мифтік-діни тұрғыда бәрімізге белгілі, алма – жұмақтық ағаш. Адам ата мен Хауа ананы жұмақтан қуылуына себеп болып, «алма» деп атау берілген жеміс. Алма дегеннің «алуға болмайды» деген мағынаны білдіретінін біздің қазақ қана білетін шығар. Бізде де осындай мағынада деп кім айта алады? Бұның өзі бекер сөз болмай тұр ғой.

Менің жеке ұстанымым, жаңадан бір қызғалдақтың түрі белгілі болып, ғылыми айналымға еніп жатса, адамның атымен емес, жергілікті атауды пайдаланған дұрыс деп ойлаймын. Менен жиі сұрайды, жаңа қызғалдақ түрін анықтар болсаң, «Ғани қызғалдағы» деп атар ма едің деп. Жок, біріншіден ол мүмкін емес, ондай жаңа түрді анықтау, оған атау беру процедурасы өте күрделі нәрсе, екіншіден ондай мүмкіндік болып жатқан күннің өзінде анықталған жеріне байланысты, мәселен, «Машат қызғалдағы» дегендей атау беруді құп көремін. Ал, адамның есімі қызғалдақтың атымен ғана емес, тарихта соны ашқан ғалым ретінде бәрібір аталып жүреді ғой.

Біз де қазіргі таңда қызғалдақтың атын ауыстырудан гөрі, оны қорғау мәселесі өзекті болып тұр. Оған қоса, туризм бизнесінің көзіне айналдыру жағын қарау керек деп ойлаймын.

– Өзіңіз айтып, түсіндіріп жүретін сөзіңіз бар еді, «Ежелгі қазақ – нағыз туристің өзі» деп. Қазақы түсінік пен оның өмір салтындағы туристік және табиғатты қорғау қасиеттеріне тоқталыңызшы.

– Енді ежелгі қазақтың өмір салты табиғатпен етене болғаны белгілі ғой. Көшіп-қонғанда да беталды көшіп жатпайды, малдың жағдайымен көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деген сияқты. Оған қоса малының жайылымын, шабындығын алдында екітешіп, есептеп, жағдайын бағамдап алады. Малының өзін жайылымына қарай бөлек қамдайды. Қойы бір жақта жайылып жатса, жылқысы басқа тұста жусап жатты, түйесі болса тау жағалай қырыққа шығармайтыны белгілі. Қыру-қонының өзіндік жүйесін қалыптастырды.

есімдерінде де осындай экософиялық белгілер жиі кездеседі. Ою-өрнектерімізде де өсімдіктерге, құстарға, жануарларға қатысты бейнелерді кездестіреміз. Олардың да өзіне тән әртүрлі мәндері де бар. Мысалы, жаңадан ұзатылатын қыздарына шырғауық текті өрнектелген киім-кешектер киіндіреді. Бұл – шырғауықтай өсімтал болсын деген ниеттің көрінісі. Баланың аяғын көк шөппен кесіп жатуының да мәні бар. Біздің қазақ халқы әр істеген ісінің астарында бір мәнді дүниені жеткізіп жатады.

– Экософия тақырыбын ары жалғасак, біз «Жерді бостан-босқа қазба!», «Пышақпен жерді шұқыма!» деген секілді тыйым сөздерді бала кезден атамыздан естіп өстік. Соңғы кездері өзіңіз жиі көтеріп жүрген мәселенің – траншея қазу мәселесі. Егістігі мен жайылымын айналдыра трактормен қазып, өңірдің экологиялық айналымына, табиғат кешендеріне зиян тигізіп жүрген шаруалардың заңсыз траншея қазу ісімен күресте нәтиже болып жатыр ма?

– Өкінішке қарай, мәселе шешіліп жатқан жоқ. Осы бойынша соңғы кезде бір-екі сапарда болдық. Былтырмен салыстырғанда ешқандай нәтиже жоқ.

Сондай траншеялар қазудың салдарынан бауырымен жорғалаушы жануарлар зардап шегіп жатыр. Кесіртке, жылан, тасбақалардан бөлек, қосаяқ, қарсақ секілді ұсақ сүтқоректілер де қазылған орға түсіп кетіп, шыға алмай өліп жататын фактілер өте көп. Бұл енді экожүйеге өте қатты әсер ететін дүние.

Бұл әрекеттерге әртүрлі қарасақ болады. Тікелей сол траншеяны қазып, жерді бұлдіріп жатқан жер пайдаланушы азамат егістігін малдан қорғау үшін қазды. Ал, анау малдың иелері, мысалы, 100 гектар жерді алады да, мың бас жылқы ұстайды. Негізі, ол 100 гектарға 1000 бас жылқы сыймайды ғой. Ол міндетті түрде барып көрші егістікке түседі. Дихан не істейді? Сонша бейнетін далаға шығындағысы келмейді. Содан кейін өз егістігін қорғаудың ең арзан жолы – траншея қазуға көшті. Айналдыра қоршауға одан көп қаржы кетеді. Соңғы кезде көңілге демеу болатын дүние – ол тоқтады. Жаңа қазылған траншеялар жоқ. Бұл тоқтағандығын көрсетеді.

Қазір біздер мемлекеттік органдармен бірлесе траншеяларды жабу бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Өйткені, ең соңғы қадамдар қалды, жерді дұрыс пайдаланбаған дейтін баппен мемлекетке қайта қайтару бойынша. Сондықтан, алдағы уақытта нәтижелі болады деген үмітіміз бар.

– Істеріңізге сәттілік тілейміз!

С.ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ



Қазаншы ата кесенесі

ҚАЗАНШЫ ӘУЛИЕ КІМ?

Кеше Шахистахан Олжаеваның «Узбекистон тарихи» тобында «Қазанчи авлиё» атауымен пост жарияланды. Түркістан, Созак, Әулиеатаны байланыстырып жазылған аңыз-тарихқа онша сенбесем де, қызығып қазақшаға аударып қойып едім. Шахистахан – тәжірибелі тарих ғылымдарының докторы, профессор емес пе, осы постының жанына 28.02.2017 жылғы шын тарих жазылған постын әкеліп қойды. Оны да қазақшаға аударып сіздерге ұсынып отырмын. Қиялдан құрастырғыштар жұрттың бәрін шатастырып бітті.

Сонда Созақтағы Қарабурада жатқан “Қазаншы әулие” Әбділәзіз Қашғарий кім?

ҚАЗАНШЫ ӘУЛИЕ

Білетін шығарсыздар, «Өткен күндер» романының бас кейіпкері, ташкенттік Юсуфбек қажының ұлы Атабек Әулиеата қаласы маңындағы шайқастарда қайтыс болады. Ахмет Ясауи зияратжайында Әмір Темір жасатқан қырық құлақты үлкен тайқазан бар. Оның даңқы әлемге тараған, әсіресе Орталық Азия мемлекеттерінде тайқазанды тәбәрік жәдігер деп біледі.

Хош, Әулиеата қаласы мен қырық құлақты қазанның бір-біріне қандай байланысы болуы мүмкін? Былай қарасақ, оларды байланыстырып тұрған еш себеп жоқ сияқты.

Бірақ «Қазаншы әулие» атын алған Абдулазиз Қашғарий жөнінде білген адам себептің ұшын оп-онай табады.

Заманының мәшһүр ұстаасы Абдулазиз Қашғарий XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасыр басында өмір сүрген. Қашғарда тұрып, кейін отбасымен қазіргі Қазақстанның Шымкент облысындағы Созак (негізі Сүзкі ата) қыстағына келіп, сол жерде тұрақтап қалған.

Әскери жорықтарының бірінде Әмір Темір Сайрамға тоқтайды. Ұста, өнерші, ғалымдарды жинап:

– «Сыйымдылығы үлкен, ыңғайлы қазан жасау керек. Оған пісірілген тамақ төрт мың адамға жететін болсын», – деп тапсырыс береді.

Сонан көп ғалымдар болашақ қазан жөнінде бас қатырады. Абдулазиз Қашғарий да өз сызба-жобаларын жасайды. Оның жобасы Әмір Темірге ұнап, жұмысты бастауға бұйрық алады. Арада біраз уақыт өткен соң диаметрі 2 м 45 см, ауырлығы 1,5 т келетін үлкен қазан дайын болады.

Оған 60 шелек су сиятын, биіктігі де орташа болатын. Қазан 7 түрлі металдан – болат, алтын, мыс, мырыш, күміс, қорғасын, қола қоспасынан құйылған. Көлемі үлкен болғанына қарамастан, тамақ пісіруге аз отын жұмсалады. Міне, осындай ерекше қазанды жасағаны үшін Абдулазиз Қашғарийды «қазаншы ұста әулие» деп атай бастайды.

Әмір Темірдің шарапатымен дүние жүзін көрген тайқазан бұрынғы кеңес дәуірінде түрлі сынақтарды бастан кешірді. Елу төрт жыл бойы Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақталды. Қазіргі кезде Қожа Ахмет Ясауи зияратжайынан орын алып, дүниенің түрлі бұрыштарынан келуші зияратшылар мен туристердің қызметінде. Тайқазанға су мен қант салынып, меймандарға таратылып тұрады.

Өмірін адал еңбекпен, әсем өнерімен адамдарға жақсылық жасаумен өткізген Абдулазиз Қашғарий өзі жасаған Созак қыстағындағы Қарабура қабірстанына жерленген.

Уақыт өте мәшһүр қазаншы ұстаның есімі ізсіз жоғалып кетпеді. Үлкен қала мен облыс Абдулазиз Қашғарийдың құрметіне Әулиеата деп аталды. Кеңес дәуірінде ол облыс Жамбыл аталған болса да, тәуелсіздік жылдары шындық өз жайына келтірілді — қалаға Әулиеата атауы қайтарылды.

(Нажот Ниязов, «Хидоят» журналы, №7, 2012 ж.)

28.02.2017 ж. Ш. Олжаева:

Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи зияратжайында сақталған ауырлығы 2 т, ені 2,5 м тайқазанды Сайыпқыран Әмір Темір жасатқан. 7 түрлі металл қоспасынан жасалған тайқазанды құю үшін Ираннан Абдулазиз Табризиді алдырған. Ирандық ұста қазанды 1393-1399 жылдары, алты жыл бойы Түркістанның Қарнак қыстағында дайындаған. Бұл жөнінде қазанның өзіне жазылып қойылған.

Қазан тамақ пісіруге арналған емес. Тарихи деректер бойынша, ұзақ жылдар бойы оған науат араластырылған шырын су сақталып, жұма намазынан кейін мүридтерге таратылған.

Кәрім АППАЗОВ

Жылы лебіз

БЕЛЕСТЕРДІҢ БИІГІНЕН КӨРІНІП...

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, жазушы, Сайрам ауданының Құрметті азаматы Қабылбек Төретай 75 жаста. Ол Түркістан облысы Сайрам ауданы Қайнарбұлақ ауылында туған. Алғашқы еңбек жолын 1968 жылы «Казмеханмонтаждау» тресінің Шымкент монтаждық басқармасының слесарі-құрастырушысы қызметінен бастады. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң 1971-1976 жж. аралығында «Казмеханомонтаж», «Казстройпром» тресінде жұмыстар атқарды. 1978 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірді. 1978-1986 жылдар аралығында «За Фосфор» зауыттық көптиражды газеті редакторының орынбасары, Қазақстан ЛКЖО Шымкент облыстық комитетінің үгіт-насихат бөлімінің оқытушысы, «Фосфор» өндірістік бірлестігінің партия комитетінде саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, Қазақстан Коммунистік партиясы Еңбекші аудандық комитетінің үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы, саяси ағарту бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1990-1999 жылдар аралығында облыстық партия комитетінің жалпы бөлімінің нұсқаушы-аудармашысы, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілік басшысы аппаратының әлеуметтік-мәдени кешен бөлімінің меңгерушісі, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі Мұрағаттар мен құжаттама бөлімінің бастығы қызметінен 2005 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастығы қызметіне дейін көтеріледі және сол жылдың қаңтар айында ҚР Жазушылары мен журналистері одағының, облыстық ономастикалық комиссия мүшесі, облыстық ақын-импровизаторлар қауымдастығының төрағасы болды.

Төретай Қабылбек Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, Оңтүстік Қазақстан облысының Грамотасымен, Қазақстан Республикасының мұрағаттар және құжаттаманы басқару жөніндегі Комитетінің Алғыс хатымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» және «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. «Қазығұрт-Қайнарбұлақ» (1993),



«Жан шуағы» (1995), «Намыс найзағай», «Қаракөз қалқам» (2005), «Арымның алауы» (2009) өлеңдер жинақтарының, «Бас басына би болғаннан сақтасын» (1994) жинағының авторы. Сонымен қатар ақынның «Теріскей тұлпары», «Қазақстан – Өз ұя» «Менің Қазақстаным – Әнұраным!», «Сөзі өлгеннің өзі өлер немесе халқым – теңіз, тамшымын» сияқты көптеген өлеңдері де баспасөз беттерінде жарық көрді.

Міне, бүгін талай белестердің биігінен көрініп, ерен еңбегімен елге танылған ардақты ағамыз 75 жасқа толып отыр. Өмірінің әрбір кезеңіндегі өсулер мен кәсіби жетістіктері, бай тәжірибелері мен даналығы бүгінгі жас ұрпақ үшін үлкен өнеге. Төретай Қабылбек – архивіміздің 168-қорының құрушысы.

Құрметті Қабылбек Төретайұлы, бүгінгі 75 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке тілейміз!

Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві КММ-нің ұжымы

БІЗ НЕДЕН ҚАТЕЛЕСТІК?

Бүгінгі ересек қауым – біздің балаларымыз. Олар неден қателесті? Олар қателесе, демек, біздің қателескеніміз ғой. Бұл мені көптен ойландырып жүрген. Неден қателестік? Қазіргі елуге жақындап қалған ересектердің балалық, жастық шақтары дәл осы тұсқа сәйкес келді. Өмір үдерісі емес, біздің тіршілігімізге үлкен өзгеріс енді. Азды-көпті жалақы алып, соған қанағат етіп, тым-тырыс отырған, социализмнің «бақытты өмір» екеніне сеніп, әрі қарай қозғалуды қажетсіздей отырған қоғам төңкеріліп түсті.



Абай заманындағы «пысықтың» жаңа типі шыға келді. Таза еңбек пен білімнің емес, «пысықтардың» тасы өрге домалады. Жұмыс істеп тұрған өндірістер тоқтады. Жұмыссыздық етек алды. Үйдің құты мен берекесі болып отырған әйелдер сөмке арқалап, нан табу жолына түсті. Отбасының жылылығы мен үйлесімділігі бұзылды. Балалар да базар жағалап, кәдімгі жасөспірім бозбала мен жасөспірім қыздар базар «тәрбиесіне» сіңіп кетті. Алдау, арбау, дөрекі сөйлеу, қарқылдап күлу, кір қолдарымен қолдарына түскен тамақты жириенбей жеу, т.б. көруге көз ұялатын қылықтар тез етек алды. Бұны көшілігі «еркіндік» деп түсінді. Ақша тауып тұрған қыз бен ұлға ата-ана тыйым сала алмады, «еркіндік» алған жасөспірімдер өз қалауымен мүлдем жаңа арнамен кетті. Мұндай аз топ қалған жастарға «идеал» бола бастады.

«Инемен құдық қазғандай» жемісі тым әріде болатын оқу мен ғылымнан гөрі оңай табыс көпшілік жастарды тартып кетті. Кітаптан бас алмайтын қауымның перзенттері «оқымайтын» қауымға айналып шыға келді. Кітап арқылы, отбасылық әңгімелер арқылы берілетін ұлттық құндылықтар мүлдем ескерусіз қалды.

«Ұят болады», «обал болады», «сауап болады» деген ұғымдар да сыртта қалып кетті. Отбасында бірге отырып тамақ ішу дәстүрі бұзылды, сол күннен бастап

отбасы құндылығына да іріткі түсті. «Жаңа қазақтар» жаңа ұстанымды өздері жасап алды. «Шай ішпейтін, ет жемейтін» үйден ас дайындамайтын қауым жетіліп шықты. Қарап отырсам, өте қарапайым әдет пен дағдылар ұлттық құндылықтардың негізі екен. Оларды өмірімізден ысырып тастаған сәтте ұлттымыздың құндылығы да көзге көрінбес жылдамдықпен жойылып отырады екен.

Бірде жақын туыстың үйінде дастархан басында отырғанбыз. Сол үйдің үлкен ұлы дастарханға отырмай ерсілі-қарсылы жүре берді. Отырғандарға ол ыңғайсыздық тудырды. «Кел, қалқам, шай ішсеңші», – дедім шыдамай. «Ой, біз шай ішпейміз, тек фанга ішеміз», – деп біртүрлі ерсі күлді. Әрине, ол өзінің «ақшаль» екенін танытқысы келді. Ал, оның ар жағында ақшадан әлдеқайда қымбат құндылықты жоғалтқанын түсінбей тұрғанына жаным ашыды. Бір отбасының бас иесінің сөзі ғой. Сонда оның отбасындағы тәрбиені көзге елестете беріңіз. «Ал, біз сол бұрынғыша шай ішеміз», – дедім...

Ас ішіп болған соң бата қайыру ше?! Тұтас отырып ас ішпеген үйде бата сұрайтын, оны түсінетін жас бола ма, қалай ойлайсыз?

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ



АЙТЫСАТЫН ТЕК ҚАЗАҚ ПА?

Қазақ халқы ежелден сөз өнеріне ерекше мән берген. Жыр, қара өлең, терме, бата айту сияқты ауыз әдебиетінің түрлері суырып салып айтуға негізделген. Осы ортада ақындар бір-бірімен сөз таластырып, тапқырлығын сынап, суырып-салмалық дамыды. Көшпелі қоғамда ел ішіндегі мәселелерді ашық айту, пікірталасу, әділдікті сөз арқылы қорғау маңызды болды. Айтыс сол қажеттіліктен туып, қоғамдық мінбер, ел сөзін айтатын құрал ретінде қызмет атқарды.

Айтыс қазаққа тән ерекше құбылыс болғанымен, суырыпсалма түріндегі сөз қағысу, өлеңмен жарысу дәстүрі әлемнің бірнеше халықтарында кездеседі. Олар мазмұны, формасы жағынан айтысқа ұқсайды, бірақ әр халықтың мәдениетіне сай ерекшеленеді. «Манасчылар айтысы», «төкмө ақындар» – қырғыз төкпе ақындары да суырып салып өлең шығарып, бір-бірімен сөз таластырады. Қазақ айтысына ең жақын туыс өнер – қырғыздың ақындар айтысы. Тіл мен өлең құрылысы да ұқсас.

Түрікмен халқының да дәстүрлі суырыпсалма ақындары бір-біріне өлеңмен жауап қайырып, өнер сынасқан. Оны «Дилмачлық» немесе ақындар жарысы

деп атаған. «Бакши» немесе «ақын» сыйыстары – өзбек фольклорында бакшилардың, жыраулардың өлеңмен қағысып, жарысу дәстүрі болған. «Сәез» немесе «мәжлес әңгімелері» – татарлар мен башқұрттарда толық айтысқа ұқсамағанымен, ақындардың импровизация арқылы өлеңмен сөз таластыру дәстүрі сақталған.

«Бууз шүлэг» деп аталатын Моңғолдың суырыпсалма өлеңдері бар, кейде екі ақын қағысып айтысқа ұқсас үлгілер көрсетеді. «Утэгаки» – жапондық көне дәстүр бойынша жігіттер мен қыздар әнмен жарысып, диалог құрады. Бұл – айтысқа мазмұны жағынан өте жақын. Африка халықтарында да импровизациялық ритуалдық сөз сайыстары бар. Мысалы, Нигер, Эфиопия аймақтарында суырыпсалма поэтикалық жарыстар кездеседі. Скандинав халықтарының «флайтинг» дәстүрі – орта ғасырларда Норвегия мен Исландияда ақындар бір-бірін өлеңмен мақтап немесе мазақтап жарысатын, айтысқа өте ұқсас формат.

Р. НИШАНБАЕВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығы
қызметкері

Архивті ақтарғанда

ТАРИХТЫ СӨЙЛЕТКЕН ТҰЛҒА

Биыл тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәбит Жолдасовтың туғанына 85 жыл толып отыр. 1940 жылдың 4 қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы Қошқар ауылында дүниеге келген ол 1957 жылы орта мектепті бітірген соң колхозда көмекші шопан, астық дайындау мекемесінде жүк тасушы, Шаян аудандық «Социалистік колхоз» газетінің қызметкері, пионерлер үйінің директоры болып еңбек еткен. 1966 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін үздік дипломмен бітіріп, Шаян ауданындағы Борлысай орта мектебінде және Шымкент қаласындағы Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепте мұғалім болған.

1975-1988 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Шымкент облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінде нұсқаушы, лектор, лекторлар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1986 жылы Қазақстанның техникалық дақылдарымен айналысатын аудандарындағы ауыл шаруашылығы кооперациясының дамуындағы Коммунистік партияның рөлі (1921-1929 жылдар) тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

1988 жылдан Шымкент педагогикалық институтында доцент, жалпы тарих және Қазақстан тарихы кафедраларында меңгеруші, тарих факультетінің деканы болып қызмет атқарды. 1993 жылы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперациясының қарапайым түрлерінің пайда болу және даму тарихы (1920-1936 жылдар) тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап шыққан. Сонымен қатар А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ профессорлық қызмет атқара жүріп, Оңтүстік Қазақстан араб тілі институтының проректоры, Алматы шет тілдер және іскерлік карьера университетінің проректоры қызметтерін атқарды. С.Жолдасовтың «Иелі жер киелі – құт қойнауы» (1991 жылы),



«Тағдыр» әңгімелер жинағы (1992 жылы), «Шаян – шежірелі өңір» (1993 жылы), «Ислам тарихы» (1998 жылы) кітаптары, сонымен қатар «Шілдедегі шайқас» тарихи романы мен «Шежірелі оңтүстік» (2002 жылы), «Қазақстанның оңтүстік өңірінің тарихы» монографиялары жарық көрген.

Сәбит Жолдасов 2010 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысының үздік ғалымы» номинациясының, 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері болды. Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы. Сонымен қатар «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Марина ИСМАЙЛОВА,
Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві КММ-нің Архив құжаттарын пайдалану және жариялау, жинақтау бөлімінің басшысы

Ой салса, ойланарсыз

Осы күнге дейін аса мән бермеген едім, енді біліп, санымды соғып отырмын. Жасым 42-де, өзімнің жеке кәсібім бар. Үлкен үйім, қымбат екі көлігім де бар. Бірақ мұның ешбірі маған қуаныш емес. Әке-шеше тұңғышымын, ата-әжемнің еркесімін. Алты жас кіші қарындасым екеуміздің бетімізден қақпай, қалағанымызды беріп, сұрағанымызды алдымызға қоятын. Әке-шешем жақсы қызметте еді. Ата-әжем де құрметті азаматтар болатын. Өте тентек, ерке болып өстім. Барлығы менің дегеніммен болатын. Әкем менің заңгер болғанымызды қалады. Университетке түсіріп, тыиын-тебенін төлеп «Тек қана оқи!» деп жағдайымды жасады. Оны тыңдаған мен жоқ. Жігіттермен қосылып, қыздарға барамыз, сыра ішеміз, сабақтан қашамыз. Сөйтіп жүргенде үлкен қателік жасадым.

3 курсқа көшкен кезім. 1 курсқа түскен қыздарға көзіміз түсіп, жігіттермен сол қыздарға баратын болдық. Басында «Жаңа студенттерге көмектесеміз» деп сылтауратып, кейін өзімізге қаратуды көздеп жүрдік. Айтып-айтпай не керек, сол кезде Шолпан деген қыз менен жүкті болып қалды. Шолпан оны маған бірден айтты. Мен қашақтап жүрдім, кейін оған менен аулақ жүрсін деп қатты сөйледім. Қыста емтихандарды тапсырып, ауылға кеттік. Ол кезде Шолпанның іші көріне бастады. Ол мені сүйді, мені күтті, қосыламыз деп үміттенсе керек.

Жаңа жыл мерекесінің ертесінде біздің үйге Шолпан мен оның әпкесі келді. Ол кезде атам өмірден өткен, әжем мен ата-анам оларды тыңдады. Әпкесі: «Сіңліміздің басын ауыртып, балаңыз осындай күйге түсіріпті. Бұл әлі жас, небәрі 17 жаста. Не үйленсін, не сотқа береміз», – деп қатты айтты. Оған біздің де тарап келіспеді. 90 жылдардың басы ауылдағы жігіттердің барлығы теріс жолға түсіп кеткен. Әкем соны ескеріп: «Қалекеннің баласы сотталыпты деген сөз керек емес. Үйленуге де бұған әлі ерте. Семья асырай ма, әлде оқуын оқи ма? Мына ақшаны алып, мына жақтан кет бол», – деп жауап айтты. Әкемнің сөзін анам да, әжем де қолдады.

Мен болсам, жастық жігермен, кінәмді де мойындамадым. Сонда Шолпанның әпкесі: «Құдайдан безгендер! Құдай бар болса, алдыларыңызға келсін, мына біздің көз жасымыз мың есе алдына келсін!» – деп ақшаны да алмай менің бетіме түкіріп кетті. Біз бұл жағдай туралы ешкім білмеуі тиіс деп өзара келістік. Кейін оқуға келгенде Шолпанның оқудан кеткенін естідім. Студенттер кеңесі оны: «Арсыз, оқудың орнына сайраң қуып жүріп, аяғы ауыр болды», – деп жиналысқа салып, оқудан шығарыпты. Оның менен жүкті болғанын білгенде мені де оқудан шығарар еді. Сол кезде менің атым аталмады. Шолпан менің атымды атамаған, баласы кімнен екенін де айтпай жасырған.

Мен оқуымды аяқтадым. Әкем қаладағы жақсы қызметке орналастырды. Әжем ауырып қайтты. Қайтқанда: «Сенен



ОБАЛЫҢА ҚАЛДЫМ...

(Бір жігіттің әңгімесі)

шөбере көрем деп едім, арманда қалдым», – деді. Жасым 28-ге келгенде өзімнен 10 жас кіші мектепті жаңа бітірген қызға үйлендім. Әйелім Маржан жаман адам емес. Бірақ бір үйдің жалғыз қызы болған соң, ата-анасы мен ағалары «Оқысын, диплом алсын» деген соң, біз қалада тұрдық. Маржан ауылдағы үйде бір күн де тұрған жоқ. Әке-шешеме сәлем салмады, келіндік міндетін атқармады. Үлкендер біле тұра, көңілдері толмаса да, біздің өмірге араласпады. Бірақ екеуміз бақытты бола алмадық. 10 жыл сәби сүйе алмай, ақыры ажырастық. Соңғы 3 жыл тіпті, жеке бөлмелерде өмір сүрдік. Мен өз кәсібіммен, ол өз жұмысымен айналысады. Ерлі-зайыптылар болып, той-жындарға да бармаймыз. Ол өзінше, мен өзімше. 4 жыл болды ажырасқанымызға, ол қазір тұрмыста. Өзімен жасты жігітке үйленіп, ұлды болды.

Жақында институтта оқыған таныстардың жиынына бардым. Сол жиынға кезінде Шолпанмен бір курста оқыған Гаухар мен Айхан деген қыздарды көрдім. Олар мені көре сала: «Марат, қалай өзгеріп кеткенсің? Шашың ақ басып, түрің жаман болып кеткен ғой», – деп әзілдеп қалды. Өзіл болса да, шындық қой. Барлығы жеткен жетістіктерін айтып, семьяларын таныстырып, бала-шағаларының қызықтарымен бөлісе бастады. Кезек маған келгенде не дерімді білмей қалдым. Айтатын да ештеңе жоқ. Шешем Маржан екеуміз ажырасқанда инсульттан қайтты. Әкем осыдан 9 жыл бұрын нағашым екеуі аварияға ұшырап, содан бері төсекте жатыр. Жалғыз қарындасым оң жақта отырып қалып, ақыры бір шешен жігіттен ұл туып алды. Ойланып қарасам, менің бірде бір жетістігім жоқ. «Әйеліммен ажырасқанмын, ауру екеме болысып жүрмін, жеке кәсібім бар», – деп қысқа қайырдым.

Кеш жалғасын тапқанда жиыңға келмегендерді еске ала

бастадық. Сонда Айхан: «Шолпан сендерге сәлем айтып жатыр, ол қыз естерінде ме?» – дегенде барлығы шу ете қалды. «Ее, жүкті болып, оқудан шығып кетіп еді ғой», – деп бәрі күбір-күбір сөйлей бастады. Мен шыдамай, түк білмегенсіп: «Қазір ол қайда екен? Неге келмеді?» – дедім. Айхан: «Оның үлкен қызы Айдана оқу бітіріп, қызыл диплом алып жатыр екен. Содан келе алмады», – деді. Сол кезде өнім бұзылды. Үстіме мұздай су құйғандай болды. Айхан сөзін жалғастырды: «Шолпан негізі сондай мықты адам. Оқудан шығып кеткен соң, оны әпкесі Алматыға алып кетті. Қызын сол жақта босанды, кейін тұрмысқа шықты. Күйеуі де сондай жақсы адам. Айдананы кемсітпей, өз атына жаздырып алған. Шолпанды оқытты. Шолпан қазір мықты компанияда. Жасы 40-қа келді демейсің, жап-жас құздай. Түріне қарасаң, 4 бала туды деп айтпайсың. Кенже ұлының жақында тұсауқесерін өткізді, үлкен той жасады, көп әншілерді шақырды», – деп біраз әңгіме айтты. Барлығы соны тыңдап, Шолпанға қызығып отырды.

Айханның сөзін Гаухар жалғастырды: «Шолпанды сол кезде қарабет қылған жігіт не істеп жүр екен?! Баласының барын біле ме екен? Шолпан бірде «Қызым басқа әкесі бар екенінен хабардар. Білген кезде: «Мені іздемегенді, мен де іздемеймін. Менің әкем бір ғана адам, ол менің папам Асқар. Басқа одан артық ешкім жоқ. Ал менің бұл өмірге келтірген анау кісі аман болсын. Ол кісіге ризамын. Бірақ, мені уақыттың мойындамағанын кешіре алмаймын, есіме де алмаймын. Тірі болса, аман болсын, өлі болса, иманды болсын» деді. Содан кейін Асқар екеуміз оның жүрегі ауыртып, бұл тақырыпты біржола жауып тастадық. Мен қызымды қолдаймын» деді. Негізі, оның позициясы дұрыс. Қыздың масқарасын шығаратын кім еді ол соншама?» – деді. Сол кезде мен: «Әкеме дәрі беру керек, жақсы отырыңдар», – деп кете бардым. Әрине, ол сылтау ғана. Әкем ауылдағы үйде, мен қалада.

Көлігіме отырып, айдап барамын. Жол бойы небір ойлар келді. Өлгім де келді, Алматыға кетіп, Шолпанға жолыққым келді. Жол бойы жасым тоқтамай жылады. Ата-әжем, шешем қайтқанда былай жыламағанмын. Өз-өзіме ашуландым, қызымның бар екеніне қуандым. Сол кезден, міне, 1 апта өтті. Қызымның бар екеніне маз болып жүрмін. Көргім келеді, кездескім келеді. Бірақ, олардың алдына баруға ұяттымын. Барғанда не деймін?! Өткен, фамилиясын да білмеймін. Әйтпесе, жастар қазір интернетте жүр ғой. Сол жақтан тауып алар едім. Шолпанның фамилиясы да есімде жоқ. Ол ауыстырып тастаған да шығар. Тым болмаса, суретін көрсем деймін. Жас кезде мансап деп, ойын деп, біраз батпаққа кіргенім үшін бүгін жазықтым. Шолпанның әпкесі айтқан көз жас келді алдыма...

Туранбай Уразымбетовтың
парақшасынан

25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өтетін халықаралық акция осылай аталады. Бастаманың мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауды күшейтеу.



«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН БЕЛСЕНДІЛІК»

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮНДІК БЕЛСЕНДІ ӘРЕКЕТ

Акция аясында еліміздің барлық өңірлерінде ақпараттық-түсіндіру шаралары ұйымдастырылады. Біздің бөлімше мамандары да акция аясында тұрғындармен кездесуде құқықтық кеңес беріп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар ақпараттық парақтар таратылып, жәбірленушілерге қолдау көрсету жағдайлары түсіндірілуде. Мамандардың айтуынша, мұндай акциялар қоғамда зорлық-зомбылыққа «нөлдік төзімділік»

ұстанымын қалыптастыруға және адамдардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Акция 10 желтоқсан – Адам құқықтары күніне дейін жалғасады.

Шымкент қалалық полиция департаменті Еңбекші АПБ Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлері

АҢ-ҚҰСТАР САНЫН АНЫҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРДІ

«Сырдария–Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» 2025 жылғы күзгі жабайы аң-құстар санын анықтау жұмыстарын жүргізді. Бұл дәстүрлі шара парк аумағындағы жабайы жануарлар мен құстардың жағдайын бақылауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға және браконьерлікке қарсы іс-шараларды күшейтуге бағытталған маңызды жұмыстың бірі болып табылады. Санақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрінің бекіткен әдістемелік талаптарына сәйкес жүргізіліп, экожүйелердің қазіргі жай-күйін бағалауға мүмкіндік берді.

БОРАЛДАЙ ФИЛИАЛЫ: ТАУЛЫ ЖЕРЛЕРДЕГІ ЖАНУАРЛАР ӨМІРІ

Боралдай филиалы – парк аумағындағы таулы-жазықтық аймақтардың бірі. Мұнда қаратау арқары, Сібір елігі, жабайы шошқа, қасқыр, түлкі, борсық, қоян, қырғауыл және кекілік секілді әртүрлі жануарлар тіршілік етеді. Арқарлар – Қызыл кітапқа енгізілген сирек түрлер, осы аумақта тұрақты мекендейді. Соңғы жылдардағы санақ нәтижелері олардың популяциясы оң динамика көрсетіп, табиғи ортада өмір сүру үшін қолайлы жағдайлар сақталғанын дәлелдейді.

Аңдар көбіне Қаратау жотасының биік шатқалдары мен жартасты беткейлерінде паналайды. Санақ кезінде олардың миграциялық қозғалысы күз мезгілінде белсенді екенін байқауға болады. Сондай-ақ, бұл аймақта Сібір елігінің популяциясы 200 бастан асқандығы тіркелді. Еліктің саны мен таралуы көбіне қалың бұталы аңғарлар мен орманды алқаптарға байланысты.

СЫРДАРИЯ ФИЛИАЛЫ: СУ АЙДЫҢДАРЫ МЕН ТОҒАЙЛАР ТІРШІЛІК ОРТАСЫ

Сырдария өзенінің бойындағы орманды алқаптар жануарлар мен құстар үшін өте қолайлы. Бұл филиалдағы популяцияның жоғары болуы су көздерінің мол болуы, тоғайлы жерлердің сақталуы және табиғи қорықтық режимнің тиімді ұйымдастырылуымен байланысты. Жануарлардың тіршілік ортасы табиғи қорғалуда, браконьерлікке қарсы шаралар жүйелі жүргізілуде.

ТҮРКІСТАН ФИЛИАЛЫ: ТАБИҒИ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУ

Балтақөл, Қызылшаруа, Шәуілдір және Отырар орманшылығында экожүйелердің тепе-теңдігі толық сақталған. Санақ барысында табиғи орта мен жануарлар популяциясының тұрақтылығын көрсететін отыр. Санақ кезінде барлық техникалық қауіпсіздік ережелері толық сақталды. Браконьерлікке қарсы рейдтер ұйымдастырылып, бақылау бекеттері күшейтілді. Бұл шаралар парк аумағындағы жануарлар дүниесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және биологиялық әртүрлілікті қорғауға бағытталған. Күзгі санақ жұмыстары парк аумағындағы жануарлар мен құстардың популяциясын бақылауға, экожүйелердің саулығын бағалауға және болашақ қорғау шараларын жоспарлауға мүмкіндік береді. Санақ нәтижелері бойынша алынған ақпарат табиғатты қорғау жұмыстарына бағытталған шешімдерді қабылдауға, сирек кездесетін түрлерді сақтауға және браконьерлік тәуекелдерді төмендетуге септігін тигізеді.

М. ҚАЛЫМБЕТОВ,
ЕҚТА күзету және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің меңгерушісі

САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР: БИЗНЕС НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Авто-нөлдік есептілік

Егер СТ белгіленген мерзімде СЕ тапсырмаса, МКК жүйесі автоматты түрде нөлдік есептілік қалыптастырады.

Бұл мүмкіндік төмендегілерді болдырмайды:

- есептілікті тапсырмағаны үшін хабарламалар;
- әкімшілік жауапкершілік;
- ЕДБ шығыс операцияларын тоқтату.

Есептілік нысандарының қысқаруы

СЕН 30%-дан астам қысқартылды — 41 нысаннан 28-ге дейін.

Бұл бизнес уақыты мен әкімшілендіруді айтарлықтай жеңілдетеді.

СЕ кері қайтару жойылды

Қызмет алынып тасталды: жаңа жүйеде әкімшілендіру тәсілі өзгергендіктен, енді кері қайтару қажет емес.

Есептілікті тапсыру мерзімдерін ұзарту нормасы жойылды

Енді бұл норманың қажеті жоқ — авто-нөлдік декларация механизмі жұмыс істейді.



МКБ-ның сервистік топтары құрылды

Бұл — жеке санаттағы салық төлеушілерге көмек көрсететін мобильді топ:

- мемлекеттік қызметтер бойынша;
 - декларацияларды толтыру бойынша.
- Сервистік топты 1414 нөмірі арқылы шақыруға болады.

Салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!

Соңғы кездері азаматтар мен кәсіпкерлердің алкоголь өнімдерін сақтауға және сатуға лицензияларды қайта ресімдеуге / алуға / тоқтатуға / ұзартуға байланысты алаяқтық схемаларына тап болған жағдайлардың саны өсуде.

Ескерту!!!
Лицензияны ұзарту, қайта ресімдеу, беру және тоқтатудың барлық рәсімдері

тек мемлекеттік портал (www.egov.kz – elicense.kz) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық басқармаларының қызметкерлері салық төлеушілерге телефон соғып, код сұрамайды. Сақ болыңыз!!!

Нұрхан БЕЙСЕНОВ,
Салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімі,
Бас маман

ХАБАРЛАНДЫРУ

«КомфортПроект» ЖШС-гі «Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е13, Е15, Е26, Е28 көшелерінің (жобалық атаулары) квадратында орналасқан кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені». Құрылыстың 1, 2 кезегі» (сметалық құжаттамаларсыз) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «КомфортПроект» ЖШС-нің мекен-жайы: Астана қ., Нұра ауд., Қараөткел мөлтек ауд., Қазанат көш., 1/1 ғимарат, тел: +7(700)0802908, БСН 250640026799, e-mail: mrc_alau@mail.ru. Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 8 желтоқсан мен 12 желтоқсан (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады. Қосымша ақпаратты: +7(702)2309090 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «КомфортПроект» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом, расположенный по адресу г. Астана, район «Нұра», в квадрате улиц Е13, Е15, Е26, Е28 (проектные наименования). 1, 2 очередь строительства» (без сметной документации). Адрес ТОО «КомфортПроект»: г. Астана, рн. Нұра, мкр. Қараөткел, ул. Қазанат, зд. 1/1, тел.: +7(700)0802908, БИН 250640026799, e-mail: mrc_alau@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 8 по 12 декабря (включительно) на информационной системе ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(702)2309090.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Шетелдік рұқсат бланктерінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. ИП «АЛАГОЗОВ». ИИН: 861024302107.
1. Беларусь N5252991.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс